

Д.С. Смағұлов¹ , Н.Е. Сайлаубаева¹ , М.С. Ибраимова² , А.Ж. Карибекова³ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Семей медициналық университеті, Семей, Қазақстан;

³Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» МКҚК, Астана, Қазақстан

(E-mail: dauren2985@mail.ru; n761@mail.ru; mayra_isa_1972@mail.ru; tolkin-8282@mail.ru)

Академик В.В. Бартольдтың ғылыми мұраларындағы ортағасырлардағы Қазақстан қалалары

Мақалада академик В.В. Бартольдтың Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тарихына арналған еңбектері туралы ақпарат берілген, ғылыми еңбектеріне талдау жасалған. Сонымен қатар ғалымның Қазақстандағы және әлемдік қоғамдастықтағы ғылыми қызметі зерттелген, академик В.В. Бартольдтың Орталық Азияға сапарлары нәтижесінде жинаған ғылыми материалдары талданған. Авторлар мақалада табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және тарихи факторларға байланысты қазіргі Қазақстан аумағындағы қала құрылысы мәдениетін дамытудың негізгі кезеңдерін зерттеуге көп көңіл бөледі. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы қалалардың пайда болуы мен дамуын, олардың тарихи кезеңдерде қалыптасу принциптерін, архитектуралық келбеті де зерттелген.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, орта ғасырлар тарихы, қазақтар, қалалар, В.В. Бартольд, этнография тарих, Қазақ хандығы, В.В. Бартольдтың ғылыми еңбектері.

Кіріспе

Орта ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы қалаларды зерттеудің маңыздылығы қазіргі қоғамда өткен тарихымыз туралы нақты көзқарас қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Осы міндетті шешуде жергілікті тарихты — өлке, облыс және қалалар тарихын кешенді түрде зерттеу маңызды рөл атқарады. Сондықтан да қалалар тарихын, соның ішінде орта ғасырлардағы қалаларды зерттеу тарих ғылымының негізгі бағыттарының бірі. Әртүрлі көзқарастар мен ғылыми ұстанымдарға қарамастан қазіргі зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, ХХІ ғасыр — қалалық өркениеттер ғасыры, осыған орай қазіргі таңда қалалар тарихын зерттеу ең өзекті мәселе болып отыр. Бұл өз кезегінде қалалар қоғамның тарихи, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуына тікелей жауапты деген тұжырым жасауға негіз бола алады. Тарихшы ғалымдар қаланың пайда болуын қоғамдық ұйымдардың күрделі формаларының қалыптасуымен, дамудың жаңа деңгейімен байланыстыра отырып, өркениет пен урбанизацияны бір-бірімен тікелей байланысты тарихи процесс ретінде қарастырады. Адамзат қоғамының дамуындағы осы тарихи үдерісті зерттемейінше қалалардың пайда болуымен байланысты өркениеттің алғашқы кезеңдерін қарастыру мүмкін емес. Осыны ескере отырып, ғылымның барлық саласындағы ғалымдар қаланы өздерінің зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Тарихшылар үшін әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған қалалардың әрбір халықтың экономикалық, саяси және рухани өмірінің дамуындағы қайнар көзі және серпіліс беруші ретіндегі рөлі маңызды болып саналады. Осындай Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық қалаларды зерттеу барысында В.В. Бартольдтың еңбектерінің мәні ерекше.

2024 жылдың қарашасында әйгілі ресейлік және кеңестік шығыстанушы В.В. Бартольдтың туғанына 155 жыл болмақ. Өзімізге белгілі, оның араб, парсы және түркі тілдерін игеруі және мұсылман әлемі халықтарының тарихы мен мәдениетін білуінің арқасында шығыстанудың әртүрлі саласы бойынша ғалымның көптеген іргелі зерттеу жұмыстары мұра болып қалды. В.В. Бартольд Шығыста саяхатпен болып, ғылыми экспедициялар мен археологиялық қазба жұмыстарына қатысты, оның тарабынан бұрын жарияланбаған көптеген деректер алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. 1963 ж. В.В. Бартольдтың бай ғылыми мұрасы 9 том көлемінде басылып шыға бастады. Атап өту қажет, өзінің ғылыми қызметі кезеңінде өзіндік эрудициясы мен талантының арқасында В.В. Бартольд 400-ден аса ғылыми жұмысын жариялаған, соның 300-ге жуығы (монографиялар, мақалалар, рецензиялар) 9 томдық шығармалар жинағына енгізілген. В.В. Бартольдтың ғылыми қызығушылықтары әлеуметтік-саяси тарих, археология, этнография және Орталық Азияның тарихи

географиялық мәселелерімен байланысты болды. Сонымен бірге, ол өзінің ғылыми еңбектерінде Қазақстан территориясындағы орта ғасырлардағы қалаларды да зерттеп, қалалар туралы бай ғылыми мәліметтер қалдырған. Осы ретте, біз үшін ғалымның ғылыми мұраларындағы орта ғасырлық қалаларды қарастырып, зерттеу үлкен қызығушылық танытады.

Сонымен оның ғылыми мұраларындағы Қазақстандағы ортағасырлық қалаларды зерттеудің маңыздылығын бірнеше фактормен айқындауға болады: біріншіден, ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық идеяны өңдеу, жаңа Қазақстанды құру В.В. Бартольдтың еңбектерінде орын алған қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен мәдени мұрасын зерттеусіз мүмкін емес; екіншіден, қазіргі уақытта Орталық Азия аймағы халықтарының өз аймақ тарихын тануға деген қызығушылықтары өсіп жатыр. Осы себептен, аймақтық тарих ғылымындағы өзіндік орыны бар ғалым — В.В. Бартольдтың ғылыми мұрасына сүйенудің маңызы бар; үшіншіден, академиктің ғылыми еңбектерін зерттеу еліміздің жас ұрпағын Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихы мен мәдениетіне деген ғылыми қызығушылықтарын ұлғайтады.

Әдістер мен материалдар

Мақаланың әдіснамалық негізін историзм және объективтілік, жүйелілік принциптері құрайды. В.В. Бартольдтың ғылыми мұраларындағы Қазақстанның орта ғасырлардағы қалаларының қалыптасуы мен дамуын, тарихын зерттеу барысында тарихи еңбектерді зерттеудің әртүрлі әдістері, соның ішінде салыстырмалы-талдау, салғастырмалы талдау және сипаттау әдістері қолданылды. Бұл әдістер В.В. Бартольдтың ғылыми еңбектерін, оның ғылыми қызметін және фактілік материалдарды зерттеуге, олар бойынша қорытындылар шығаруға мүмкіндік берді. Мақаланың теориялық негізін В.В. Бартольдтың ғылыми концепциялары мен көзқарастары құрады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ортағасырлық кезеңде Сырдария алқабы қала мәдениеті мен Қазақстанның жерлерін суландыру орталығы болып табылды. Бұл жерде қалалар қаңды, үйсін кезеңдерінде пайда бола бастады. Алайда, қалалардың гүлдену кезеңі VII-VIII ғасырларға жатады. Өзен бойында орналасқан Отырар, Сауран, Ясы, Сығанақ, Үзгент, Жент және басқа да ондаған қалалар мен қоныстар өзен жағасындағы жерлердің белсенді түрде игерілгендігінің дәлелі бола алады. Сырдария алқабы, өзеннің осы аймақ халықтарының өмірі мен тұрмысындағы рөлі мен маңызы ортағасырлық авторлардың еңбектерінде сипатталған. Сырдария туралы Рузбихан былай деп жазады: Бұл өзеннің ұзындығы 300 ташаға ағып жатыр және Қарақұм құмдарына барып тоқтайды. Сырдың бойымен түрлі азықтық шөптер мен қамыстар көп өседі. Егістіктерді суару үшін дариядан көптеген арықтар шығарылған. Сырдария сияқты пайдасы көп өзен әлемнің ешбір елінде жоқ; жағалай өсетін қалың шөптер мен жабайы құстардың көптігі үшін оған тең келері жоқ; ол жан-жануарлар мен аңдар үшін өте пайдалы... Жағалауда түрлі-түсті бояуға малынған, сан түрлі қауырсынды аңдар, ақбөкендер және басқалары мекендейді, тіпті жел мен рух өтпейтін ормандар, аршалар өседі. Сырдария өзенінің жағасындағы биік ағаштардай көкке созылған Түркістан қалаларының арасында ағып жатыр [1; 104]. Орта Азия көшпелілерінің ұлан-ғайыр далалары мен отырықшы-егіншілік аудандары тоғысында орналасқан Сырдария өзені малшылар мен егіншілерді экономикалық және саяси жағынан байланыстырып, егіншіліктің, сауданың, қолөнер мен мәдениеттің орталығы бола отырып, Дешті Қыпшақтың көшпелі халқын өзіне тартты.

Сырдария бойындағы қалалар тарихын В.В. Бартольд та бірнеше рет қарастырды. Бұл тұрғыда ғалымның «Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Түркістан» деп аталатын іргелі шығармасының бірінші бөлігі құнды болып табылады. Онда Лондон, Оксфорд, Париж, Лейден және отандық кітапханаларда сақталған 24 тарихи шығармадан алынған Сыр бойындағы қалалардың топографиясы мен тарихы жөнінде таңдамалы мәліметтер бар. Еңбекте келтірілген көптеген үзінділер сирек кездесетін, тіпті бір ғана данасы бар қолжазбалардан алынған. «Түркістанды суландыру тарихынан» еңбегінде Түркістандағы қалалардың суландыру жүйесіне сипаттама беретін тарихи мәліметтер жүйеленіп берілген. Бұнымен қоса В.В. Бартольд өзінің басқа да еңбектерінде Сыр бойындағы қалалар тарихына тоқталады [2].

Өзінің географиялық жағынан (отырықшы-егіншілік аумақтың Дешті Қыпшақпен тоғысында) орналасуы арқасында Сығнақ, егіншілік аумақ орталығы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзақ қоршауға төтеп беретін мықты қамалы бар, әрі транзиттік әрі жергілікті сауданың ірі орталығы болды

(бұл жазба деректердегі мәліметтермен расталады). Әр уақытта Сығнақ Ақ Орданың, қазақ хандарының астанасы болды [2].

XII ғ. деректерде Сығнақ қаласы Сырдариядан келетін Төмен арықпен суландырылатын төңірек ретінде көрсетіледі. В. Бартольд Сығнақтың XII ғасырда мұсылмандық емес иеліктің орталығы болғандығы қызығушылық тудыратындығын атап өтеді. Ол «бұл жерде өмір сүрген қыпшақтар ислам дінін тек хорезмшахқа бағынғаннан кейін ғана қабылдады. Ал, сол кездің өзінде Дженда өзенінің төменгі ағысында орналасқан билеушілер бұрыннан бері мұсылман болды», – деп жазады [3; 347].

Сыр бойындағы басқа қалаларға қарағанда Сығнақ моңғол шапқыншылығынан қатты зардап шекті. Моңғол елшісін өлтіргендері үшін қала тұрғындарының барлығы өлтірілді. Бірақ, дәл осы қаланың өмір сүру ұзақтығы ерекше болды. Сығнақ қаласы тұрғындарын қырып-жойған Жошының ұрпақтары 728/1328 жылдары қалада теңге шығарды [4; 125]. Бұдан кейін қала құлдырып, тек Орыс ханның тұсында қайта қалпына келтіріле бастады. XIV ғасырда Сығнақ Көк Орданың астанасы болды. Сол кезде Ерзен мен Орыс хандар тұсында мешіт пен басқа қоғамдық құрылыстар салынады. XV ғ. 20-шы жылдары біраз уақыт Сығнақ Ұлықбекке тиесілі болды [5], ал 1446 жылы қаланы Әбілқайыр жаулап алады. Ал XV ғ. 80-шы жылдарында Сығнақ Мұхаммед-Шайбанның иелігіне өтіп, одан кейін қазақ ханы Бұрындықтың қарамағында болады. Кейін қала қолдан қолға өтіп, XV ғ. аяғында қазақ хандарының иелігінде болады. В.В. Бартольд Хафис Таныштың мәліметтерін негізге ала отырып, «қала ертеден қыпшақ даласы хандарының (яғни, қырғыз) астанасы болғанын» атап өтеді [6].

Қала тұрғындары суармалы егіншілікпен айналысқан, В.В. Бартольд қаланың суландыру жүйесін айтарлықтай жақсы зерттеді. Әдеби мәліметтер мен вакуфтық қағаздардың (бірақ В.В. Бартольд бұл грамоталардың түпнұсқалығына күмән келтіреді, дегенмен де олардың тарихи дерек ретіндегі маңызын төмендетпейді) және басқа деректердің (мысалы, Абдаллах ханның вакуфтық грамотасында айтылған Тоқтамыс, Хисарчук пен Хараш деректері) негізінде ол қаланың солтүстік-батыс және солтүстік бөліктерінде орналасқан жерлердің Қаратаудан ағатын Мыңбұлақ, Шолақ, Арсланды, Қызыл-Тал, Келте-Шағыл (Калта-Джалгийя) [7] сияқты тау өзендерінен келетін ұсақ арықтармен суландырылғандығын атап өтеді. Вакуфтық грамоталарға сүйене отырып В.В. Бартольд Сығнақ қала ретінде XVII ғасырға дейін өмір сүрді деп атап өтеді [2].

Сығнақтан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Сығнақ сияқты Сауран да шекарада орналасқан камалы берік қала болған. Максидидің айтуы бойынша қала жеті қатар камалмен қоршалған; бұнда X ғасырдың бірінші жартысында мәдени атырап аяқталып, әрі қарай өзен дала бойымен аққан. Қаланың ішкі ауласында (шахиристанда) мешіт орналасып, сол жерде сауда келісімдер жасалған [17, 233-237]. XI ғасырда қала өзінің бұрынғы маңызын жоғалтып, XVI ғасырда ғана қорғаныс бекінісі мықты қала ретінде қайтадан айтыла бастады. Сауран егіншілік ауданның орталығы болып, өзін толықтай азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Бұндағы суландыру жүйесінің Сығнақ қаласынан айырмашылығы болды. Бұл жерде суландырудың кәріздік жүйесі дамыды. В. Бартольд Васифидің мәліметі бойынша Мир-Араб (сол кездегі мұсылмандық әулие) қалаға екі кәріз сыйлағаны туралы 200 үнділік құл қазған «әлемдегі барлық құрлық пен теңізді аралаған адамдардың өзі бұндай кәрізді көрмеген» деген мәліметті келтіреді. Кәріздердің бастауы Саураннан фарсах қашықтықта орналасты. Ол жерде бекініс салынып, оның ішінде 200 гыз тереңдікте құдық қазылған. Жер бетінен су деңгейіне дейін 50 гыз болса, құдықтағы судың тереңдігі 150 гыз болған. Суды өгіздер қозғалтатын шығыр көмегімен көтерген. В. Бартольдтің пікірінше, Васифи Мир-Арабтың өтініші бойынша кәріздерге арналған вакуфтық грамотаны шығарған [6].

1582 жылы қаланы Абдаллах хан жаулап алған соң құлдырап кеткен суландыру каналдарын жөндегіп, қаланың төңірегіндегі егіншілікті қалпына келтірген. Бірақ, В. Бартольдтің пікірінше оның нәтижесі болмаған [6]. Бұл пікір қате, археологиялық мәліметтер бойынша Саурандағы өмір осы аймақтағы басқа қалалар сияқты XVIII ғ. дейін жалғасқан және тіпті қарқынды болған. Орыс жаулаушылығы кезеңінде Сауран бекініс ретінде болған жоқ [2].

IX-X ғасырдың жазба деректері бойынша ерте ортағасырларда қазіргі Түркістан қаласының аумағында Шауғар округі болған. Шауғардың Сыр бойындағы қалаларды Орта Азия мен Хорезмнің егіншілік алқаптарымен байланыстырған сауда жолында орналасуы географиялық жағынан тиімді болды [17, 234]. Бұл жол Испиджабтағы Жібек жолының тармағы ретінде бастау алып, Арсубаникентке дейін барып, ол жерден Кедер, Шауғар, Сауран мен Сығнаққа жеткен. Сығнақ

төңірегінде Сырдарияның солтүстік жағалауы өткелі арқылы жол Жент, Жаңақентке барып, Қуандария арнасы бойымен Хорезмге жеткен [2].

В. Бартольд Шауғарды Түркістан аумағында орналасқан деп көрсетеді. Ол «Шауғар шамамен қазіргі Түркістанға» сәйкес келеді деп болжайды [6]. Қазіргі зерттеушілер Шауғардың орналасуын Түркістан қаласынан шығысқа қарай 8 км қашықтықта орналасқан Шойтөбе қалашығымен байланыстырады [9].

XI ғ. Шауғар құлдырап, Ясы қаласы округтің орталығы болды. Егіншілік округтегі ірі елді мекен ретіндегі бұл қала экономикалық орталыққа айналады. Бұған Испиджабтан шыққан сопылық ілімін уағыздаушысы Қожа Ахмет Яссауидің осы жерде жерленуі себеп болуы мүмкін [10]. Ясы Сығнақ пен Сауранға қарағанда қазақ хандарының қарамағына сирек қарады. Ясы тек XVI ғасырдың аяғында ғана қазақ хандарының қарамағына түпкілікті өтеді. Осы кезде Ясы қаласының мәртебесі де өзгереді. Енді ол Түркістан деп атала бастайды. Қала атауының өзгеруі Сыр бойындағы басқала рөліне өту үдерісіне сәйкес келді. Қала бүкіл аймақтың әкімшілік, шаруашылық, саяси және мәдени орталығына айналады. Ясы одан сайын өркендеп, нығайып, округтің астанасына айналады. XVI ғасырда қаланың атауы Түркістан деп өзгертіледі. Түркістанның экономикасы ауыл шаруашылығы, сауда мен қолөнер өндірісіне негізделді. Қала округі Сырдария алқабындағы дамыған егіншілік ауданы болып табылады. Қала мен округтің халқы суармалы егіншілікпен айналысып, дәнді дақылдар, бау-бақша өнімдерін өсірген. Жүзім шаруашылығы, бағбандық өркендеп, дамыған. Қала төңірегіндегі каналдар егіс алқаптарын суландыратын бірнеше арықтарға тармақталған [2].

Сыр бойындағы тағы бір үлкен қала Сайрам болған. Бұл қаланы В. Бартольд жеткілікті түрде толық сипаттап кетеді [11]. Қала бай ауданның орталығы болған. Қаланы зерттеу негізінде Сайрамның ірі сауда-қолөнер орталығы ретіндегі рөлі анықталды. Сайрамның қирандыларнан археологтар дамыған қыш өндірісінің қалдықтарын тапты [2]. В. Бартольд «XIII ғасырдың соңында Сайрам маңызды қала болып... Бадам мен оның ағысы бойындағы елді мекендер ішіндегі бастысы болды», – деп атап өтеді [6]. Біртіндеп экономикалық ауданның рөлі Сайрамның көп ауылдарының бірі болған көршілес Шымкент қаласына өте бастайды [6]. В. Бартольд Сайрамның бай егіншілік алқаптарының орталығы ретінде маңызын да көрсетеді [2]. 1893 жылдың өзінде ол, Шымкенттен Сайрамға дейінгі алқаптың барлығын құрғап қалған арықтар алып жатыр деп жазады [6], ал кейін Сайрамдағы егіншілік мәдениеттің бастауын ежелгі дәуірмен байланыстындығын атап өтеді.

Атап өту қажет, Орта ғасырларда Қазақстанның сауда ісінде «Ұлы Жібек жолының» орны ерекше болды. Бұл жолдың бойында Тараз, Испиджаб, Шаш, Мерке, Құлан, Суяб сияқты қалалар орналасты. Қазақстанның орта ғасырлардағы аса ірі сауда орталықтары — Тараз, Отырар, Сығанақ сияқты қалалар болды. Қазақстан халықтары негізгі сауданы Орта Азия, Иран, Сібір, Кавказ, Шығыс Түркістан елдерімен жасады. Сауда айналымындағы негізгі заттар: кілем, мата, жылқы, әшекей, қару-жарақ т.б. Қытай елінен Жібек жолы арқылы жібек келіп тұрды. Сауданың дамуы ақша айналымын тудырды. VI-VIII ғасырларда әр тайпаның өз теңгелері болған. Сауда айналымында VII ғасырда ежелгі түрік теңгелері мен соғды теңгелері, VIII ғасырда Бұхара теңгелері мен Ташкент (Шаш) теңгелері, Тараз қаласында түркеш теңгелері, IX-X ғасырларда Самани әулетінің мыс теңгелері, күміс дирхемдері жүрді. XI-XII ғасырларда Тараз, Испиджаб, Шаш, Қашғар, Бұхара қалаларында теңге сарайлары болды. XII-XIII ғасырларда Отырар қаласында мыс дирхемдер шығарылды. Жазба деректерде Тараз бен Суяб қалалары ірі сауда орталықтары болғаны айтылды.

Орта ғасырларда әкімшілік, сауда-экономикалық орталық болған қалалар Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қалыптасты. Қазақстандағы орта ғасырлардағы қалалардың бірнеше бөліктері болды. 1) Шахристан — қала билеушілері, ақсүйектер мен діни қызметкерлердің тұрағы. 2) Рабад — қаланың қолөнершілері мен саудагерлері тұратын бөлігі. 3) Цитадель — қаланың қорғаныс бөлігі, яғни қамал мен бекіністер. VI-XII ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі ірі қалалар: Мерке, Аспара, Суяб, Үзкент, Сауран, Құлан, Талкиіз, Қойлық, Тараз, Отырар, Қарнақ, Ашнас, Баршынкент, Сығанақ, Испиджаб, Весидж, Шауғар, Иасы (Түркістан), Баласағұн, Орда т.б. қалалар болды.

Осылайша, қазіргі уақытта академик В.В. Бартольдтың Қазақстанның орта ғасырлық қалаларына және осы кезеңдегі Орталық Азияның мәдениетіне арналған ғылыми мұраларын зерттеу қазақ халқының тарихи өткенінің объективті бейнесін құруға және дүниетанымының кеңеюіне, тәуелсіз Қазақстан азаматтарының жалпы мәдениетінің жоғарлауына мүмкіндік береді. Өз кезегінде, В.В. Бартольдтың алғашқы деректерге қатысты жан-жақты білімі ғалымның жалпы Орталық Азия халықтарының, соның ішінде Қазақстан халықтарының орта ғасырлық қалалары мен мәдениетін зерттеу үшін өз үлесін қосуға мүмкіндік берді. Шығыс пен Батыстың әртүрлі тілдерін игеріп,

алғашқы дерек көздерімен жұмыс жасай отырып, В.В. Бартольд қазақ халқының орта ғасырлардағы мәдени деңгейінің жоғары болғандығын сипаттай және көрсете білді.

Қорытынды

Шығыстанушы-ғалым В. В. Бартольдтің ғылыми мұраларындағы Қазақстан территориясындағы орта ғасырлық қалаларға қатысты мәселелер қазіргі кезеңнің өзінде де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Шығыстанушы ғалымның зерттеу жұмыстарында еліміздің орта ғасырлық қалаларының тарихына және тарихи географиясына қатысты мәліметтер баршылық. Осы бай мұраны тарихи географиялық тұрғыда кешенді түрде саралап зерделеуде еліміздің тарихының жаңа қырлары ашылары анық. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан сынды көне өркениет аймақтарының ортағасырлық тарихы мен археологиясының зерттелуіне В.В. Бартольд өзіндік үлес қосты. Ол 1893-1894 жылдары Шымкент — Әулиеата — Мерке — Пішпек (Бішкек) — Ыстықкөл — Верный маршруты бойынша жүріп өтіп, жолай өзіне қажетті орасан зор ғылыми мәліметтер жинақтаған. Ғалым өзінің есептік мақаласында Жетісу ортағасырлық қалаларын, оның ішінде Тараз қалашығы мен Талас алқабының археологиялық және сәулет ескерткіштерін анағұрлым қызықты етіп сипаттаған. Сонымен қоса, В.В. Бартольдтың Орта Азия және Қазақстан жеріне келуі — Түркістан өлкесінің тарихына жаңа бағыт-бағдар ала келді десек болады. Осылайша, Қазақстанның тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ресейлік және кеңестік ғалымдардың қатарында әйгілі шығыстанушы, орыс шығыстану мектебінің негізін қалаушы академик В.В. Бартольдтың фигурасы ерекше көзге түседі. Оның ғылыми қызығушылықтары дипазоны Қазақстан халықтарының орта ғасырлардағы және жаңа кезеңдегі тарихының барлық кезеңдерін қамтиды.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта орта ғасырлық қалалар тарихының зерттелу дәрежесін айқындап, болашақта зерттелуі қажет мәселелерін зерделеудің бүгінгі таңдағы сұраныспен де байланысы күмән туғызбайды. Бүгінгі таңда тәуелсіз елімізде туризмді дамыту маңызды саланың бірі болып отыр. Осыны ескерсек, орта ғасырлардағы қалалар тарихын жаңаша көзқараспен бағалау және тарихнамалық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі жоғары екендігін атап өту қажет.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант BR21882223 «XV ғ. бірінші жартысы — XVII ғ. Қазақ хандығы: этносаяси тарих және сыртқы саясат»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в. до н.э. - XVIII в. н.э.) / под ред. С.Д. Асфандиярова, П.А. Кунте. — М., 1935. — 104 с.
- 2 Малдыбекова Л. Присырдаринские города в трудах В.В. Бартольда [Электронный ресурс] / Л. Малдыбекова. — Режим доступа: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2617149>
- 3 Бартольд В.В. Сочинение / В.В. Бартольд. — Том 2. — Часть 2. — Москва: Наука, 1964. — 368 с.
- 4 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью, 1893-1894. Сочинение [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. Том 4. — Москва: Наука, 1969. — Режим доступа: <https://h.twirpx.link/file/665836/>
- 5 Бартольд В.В. Угугбек и его время [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. — Режим доступа: <https://www.alexarapov.narod.ru/Library/bbl021.html>
- 6 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. — Режим доступа: <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/65648-bartold-v-v-istoriya-kulturnoy-zhizni-turkestana-1-1927>
- 7 Бартольд В.В. Отчет о командировке в Туркестан [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. — Режим доступа: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003718979/
- 8 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. — Режим доступа: <https://www.klex.ru/16dp>
- 9 Байпаков К.М. О локализации средневековых городов Южного Казахстана [Электронный ресурс] / К.М. Байпаков. — Режим доступа: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal>
- 10 Бартольд В.В. Двенадцат лекции по истории турецких народов Средней Азии [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. — Режим доступа: https://historylib.org/historybooks/Vasilij-Bartold_Dvenadtsat-lektsiy-po-istorii-turetskikh-narodov-Sredney-Azii/
- 11 Бартольд В.В. Отчет о командировке в Среднюю Азию [Электронный ресурс] / В.В. Бартольд. — Режим доступа: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003718979/

Д.С. Смағұлов, Н.Е. Сайлаубаева, М.С. Ибраимова, А.Ж. Карибекова
**Средневековые города Казахстана в научном наследии академика
В.В. Бартольда**

В статье представлена информация о трудах академика В.В. Бартольда, посвящённых истории средневековых городов Казахстана, проанализированы его научные труды. Также исследована научная деятельность учёного в Казахстане и мировом сообществе, подвергаются анализу материалы, собранные академиком В.В. Бартольдом в результате его поездок в Центральную Азию. Авторы уделяют большое внимание исследованию основных периодов развития градостроительной культуры на территории современного Казахстана, обусловленные природно-климатическими, социально-экономическими и историческими факторами. Исследуют возникновение и развитие поселений, принципы их формирования в исторические периоды, сложение архитектурного облика, формирование силуэта и панорам городов Казахстана в исследуемые периоды.

Ключевые слова: история Казахстана, история средних веков, средневековые города, казахи, города, В.В. Бартольд, этнополитическая история, Казахское ханство, научные труды В.В. Бартольда.

D. Smagulov, N. Saylaubaeva, M. Ibrayemova, A. Karibekova
**Medieval cities of Kazakhstan in the scientific heritage
of academician V.V. Bartold**

In the article information about the works of Academician V.V. Bartold devoted to the history of medieval cities of Kazakhstan was presented, his scientific works were analyzed. Bartold, devoted to the history of medieval cities of Kazakhstan, analyzes his scientific works. Also the authors of this article investigate the scientific activity of the scientist in Kazakhstan and the world community, analyze the materials collected by Academician V.V. Bartold as a result of his travels to Central Asia. The authors pay much attention to the study of the main periods of development of urban planning culture on the territory of modern Kazakhstan, conditioned by natural-climatic, socio-economic and historical factors. The authors investigate the emergence and development of settlements, the principles of their formation in historical periods, the formation of architectural appearance, the formation of silhouette and panoramas of cities of Kazakhstan in the studied periods.

Keywords: History of Kazakhstan, history of the Middle Ages, medieval cities, Kazakhs, cities, V.V. Bartold, ethnopolitical history, Kazakh Khanate, scientific works of V.V. Bartold.

References

- 1 Asfandiirрова, S.D. & Kunte, P.A. (1935). Proshloe Kazakhstana v istochnikakh i materialakh (V v. do n.e.- XVIII v. n.e.) [The past of Kazakhstan in sources and materials (5th century BC - 18th century AD)]. Moscow [in Russian].
- 2 Maldybekova, L. Prisyrdarinskije goroda v trudakh V.V. Bartolda [Syr Darya cities in the works of V.V. Bartold]. Retrieved from <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2617149> [in Russian].
- 3 Bartold, V.V. (1964). Sochinenie [Composition]. Volume 2. Part 2. Moscow, Nauka [in Russian].
- 4 Bartold, V.V. (1969). Otchet o poezdke v Sredniuu Aziiu s nauchnoi tseliu, 1893-1894. Sochinenie [Report on a trip to Central Asia for scientific purposes, 1893-1894. Composition.]. Volume 4. Moscow, Nauka. Retrieved from <https://h.twirpx.link/file/665836/> [in Russian].
- 5 Bartold, V.V. Ugugbek i ego vremia [Ugugbek and his time]. Retrieved from <https://www.alexarapov.narod.ru/Library/bbl021.html> [in Russian].
- 6 Bartold, V.V. Istoriia kulturnoi zhizni Turkestana [History of the cultural life of Turkestan]. Retrieved from <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/65648-bartold-v-v-istoriya-kulturnoy-zhizni-turkestana-l-1927> [in Russian].
- 7 Bartold, V.V. Otchet o komandirovke v Turkestan [Report on a business trip to Turkestan]. Retrieved from https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003718979/ [in Russian].
- 8 Bartold, V.V. Turkestan v epokhu mongolskogo noshestviia [Turkestan in the era of the Mongol invasion]. Retrieved from <https://www.klex.ru/16dp> [in Russian].
- 9 Baipakov, K.M. O lokalizatsii srednevekovykh gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [On the localization of medieval cities of Southern Kazakhstan]. Retrieved from <http://nlib.library.kz/elib/library.kz/journal> [in Russian].
- 10 Bartold, V.V. Dvenadtsat leksiiv po istorii turetskikh narodov Srednei Azii [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia]. Retrieved from https://historylib.org/historybooks/Vasilii-Bartold_Dvenadtsat-lektsiy-po-istorii-turetskikh-narodov-Sredney-Azii/ [in Russian].
- 11 Bartold, V.V. Otchet o komandirovke v Sredniuu Aziiu [Report on a business trip to Central Asia]. Retrieved from https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003718979/ [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Смағұлов Дәурен — PhD докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-7377-2827>

Сайлаубаева Нүргүл — т.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-8283-1251>

Ибраимова Майра — т.ғ.к., Семей медициналық университеті, Семей, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-6776-5505>

Карибекова Актolkын — гуманитарлық ғылымдар магистрі, Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі», Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0009-9319-7896>

Information about the authors

Smagulov Dauren — PhD. Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

Saylaubaeva Nurgul — Candidate of historical sciences, associate professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

Ibrayemova Maira — Candidate of historical sciences, Semey Medical University, Semey, Kazakhstan;

Karibekova Aktolkyn — Master of humanities, “Technical College” of Astana City Administration, Astana, Kazakhstan.

Букеетов Университеті